

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/YYCZ8724>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/ПЕНС6778>

***Г. К. Кенжетаева¹, Б. С. Бимбетова², Б. Б. Дүйсенбаева³,
Б. Ж. Болатова⁴, Г. Б. Танирберген⁵**

¹Торайғыров Университет, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

^{2,3,4,5}Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*e-mail: qulmira74@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Әлеуметтік кәсіпкерлік 2 жыл ішінде өзін қоғамның өзекті мәселелерін шешудің өте тиімді тетігі ретінде көрсете алған кәсіпкерлік қызметтің жаңа түрі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған кәсіпкерлік қызметі.

Соңғы жылдары бұл бағыт танымалдылыққа ие бола бастады, себебі ол коммерциялық табыс пен әлеуметтік маңыздылықты біріктірді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекетке тиімді, ол бюджет шығынын қысқартып, салмақты міндеттерді шешуге көмектеседі.

Бұл мақалада әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі аспектілері, әлеуметтік кәсіпкерлердің санаттары, қаржылық мемлекеттік қолдау шаралары, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржылық емес қолдау жөніндегі іс-шаралары қарастырылды.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау халықтың осал топтарын жұмысқа орналастыру мәселесін жанама түрде шешуге, сондай-ақ әлеуметтік-бағдарланған өндіріс нарығы мен қызмет көрсету саласын дамытуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Мақалада еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік мәселелерін тиімді шешу мақсатында Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және одан әрі дамыту үшін ұсынымдар беріледі.

Жалпы, әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешуде және тұрақты және әділ қоғам құруда маңызды рөл атқарады.

Кілтті сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, критерий, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, жеке кәсіпкер, мемлекеттік қолдау.

Кіріспе

Соңғы бірнеше онжылдықта әртүрлі елдердегі әлеуметтік кәсіпкерлер әлеуметтік өзгерістердің бұрын-соңды болмаған катализаторына айналды. Нарықтық стратегиялар мен инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, олар өткір әлеуметтік мәселелерді мемлекеттік ресурстарды тартпай-ақ мүлдем жаңа, тиімді әдістермен шешуге қабілеттіліктерін көрсетті.

«Әлеуметтік кәсіпкерлікті енгізе отырып, бір жағынан, әлеуметтік түйткілді шеше аламыз, екінші жағынан, коммерциялық мәселелер шешіледі. Мәселен, Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлік жалпы ішкі өнімнің 10 % жуығын береді. Қазақстандағы жағдай мүлдем басқаша. Аталмыш механизмді іске қосу үшін, заңнамаға сәйкес өзгертулерді енгізіп, оған қажет инфрақұрылымды жасақтау қажет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекетке тиімді, ол бюджет шығынын қысқартып, салмақты міндеттерді шешуге көмектеседі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметі [1].

Әлеуметтік салада жұмыс істейтін компаниялар үшін «әлеуметтік кәсіпкер» ұғымын анықтайтын төрт негізгі критерий белгіленді.

Бірінші санат. Халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту мәселелерін шешетін кәсіпкерлер. Бұл ретте мұндай кәсіпорын қызметкерлерінің кемінде 51 % да осы санатқа жатқызылуы тиіс.

Екінші санат. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын кәсіпкерлер.

Үшінші санат. Халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсететін немесе тауар өндіретін кәсіпкерлер.

Төртінші санат. Экология, білім, мәдениет және өнер мәселелерін шешумен айналысатын кәсіпкерлер.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда «Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы» Заң күшіне енді.

Жаңа ережелер бойынша кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетіледі, ол салықтық жеңілдіктер мен бизнеске арналған үй-жайларды жалға алу төлемін мемлекет тарапынан төлеу арқылы іске асырылады. Сонымен қатар кәсіпкерлерге мемлекеттік емес компаниялар да көмек көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде шетелдік және отандық ғалымдардың, сарапшылар мен талдаушылардың әлеуметтік кәсіпкерлік саладағы мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша еңбектері алынды.

Нәтижелер және талқылау

Нарықтық экономиканың қарқынды дамуы біздің қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге теріс әсер етті. Біздің экономикамыз әлеуметтік бағдарланған болса да, қазіргі уақытта әлеуметтік проблемалардың едәуір саны мемлекет тарапынан назардан тыс қалды. Мұндай процестер тек біздің елімізге ғана емес, көптеген басқа елдерге, соның ішінде экономикасы дамыған елдерге де тән екенін атап өткен жөн. Бұл елдерде әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамның бірқатар әлеуметтік мәселелерін шешудің тиімді құралына айналды.

Қазақстан да тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда біздің елімізде әлеуметтік кәсіпкерлік өз дамуында қарқын алуда. Бірақ қазірдің өзінде айтарлықтай кедергілерге тап болуда: жеткілікті қаржыландыруды алудағы қиындықтар, заңнаманың жетілмегендігі, қоғамды хабардар етудің төмен деңгейі, ұйымдарда бизнесті жүргізу құзыреттілігінің төмендігі және т. б. Мемлекет тарапынан осы кедергілерді жойып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөлінуде. Әлеуметтік кәсіпкерлер мемлекеттік органдардың маңызды серіктестері болып табылады, олар экономиканы дамытуға және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге зор үлес қосуда [2].

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2021 жылы әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заң әзірленіп, кейіннен қабылданған болатын. Онда аталған саланы мемлекеттік қолдаудың құқықтық негіздері мен тетіктері айқындалды.

Біздің елімізде әлеуметтік кәсіпкерлер салықтық жеңілдіктерге, жеңілдіктің несиелерге, үй-жайларды жалға алуға көмекке және басқа да қолдау шараларына құқылы.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы уәкілетті орган болып Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі саналады және оның интернет-ресурсында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі жарияланған.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 1 ақпанында 96 ұйымды қамтитын жаңа тізілім бекітілген [3].

Егер 2022 жылғы тізілімде жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері (бұдан әрі – ӘКС) басым болса (25 ӘКС 13-і немесе 52 %), 2023 жылғы тізілімде ұйымдардың ең көп саны жеке кәсіпкерлер (36) болып табылады.

Қоғамдық бірлестіктер мен қорлардың саны да айтарлықтай өсті – 2022 жылы 5-тен 2023 жылы 23-ке дейін. Алайда олардың ӘКС жалпы санындағы үлесі шамалы ғана өсті (2022 жылғы 20 %-дан 2023 жылғы 24 %-ға дейін). Сондай-ақ 2023 жылы тізілімде басқа да ұйымдық-құқықтық нысандары бар ұйымдар пайда болды: жеке мекеме, шаруа қожалығы және корпоративтік қор (әр нысан бойынша 1 ұйым).

Өңірлік контекстте 2022 жылдың соңында тізілімге 10 облыстың ӘКС кірді, олардың ең көп саны Қостанай облысынан. Осылайша, бірінші Тізілім қалыптасқаннан кейін бір жыл өткен соң онда ел аймақтарының тек 50 % ғана (20-дан 10) көрсетілген. 2023 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша ұсынылған өңірлер саны 20 өңірдің 13-іне дейін өсті (65 %). Осылайша, бүгінгі күнгі тізілімде еліміздің барлық аймақтары әлі көрсетілмеген (1-кесте).


Кесте – Аймақтар бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны, бірлік

Аймақтар	2022 жылғы ӘКС саны	2022 жылғы ӘКС саны
Астана қаласы	4	21
Алматы қаласы	0	0
Шымкент қаласы	0	0
Абай облысы	0	0
Ақмола облысы	0	1
Ақтөбе облысы	3	10
Алматы облысы	0	0
Атырау облысы	1	2
Шығыс Қазақстан облысы	2	4
Жамбыл облысы	0	1
Жетісу облысы	0	0
Батыс Қазақстан облысы	3	18
Қарағанды облысы	2	0
Қостанай облысы	5	13
Қызылорда облысы	1	2
Маңғыстау облысы	0	10
Павлодар облысы	1	6
Солтүстік Қазақстан облысы	3	4
Түркістан облысы	0	4
Ұлытау облысы	0	0

1-кестеге сәйкес Қазақстан облыстарын шартты түрде ірі аймақтарға бөлетін болсақ: Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық деп, онда оңтүстік облыстардың енжар екенін көреміз.

Республиканың оңтүстік облыстарынан 2022 жылы Тізілімге Қызылорда облысынан бір ғана ӘКС енгізілді; Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарынан және Алматы мен Шымкент қалаларынан бірде-бір ӘКС енгізілген жоқ. 2023 жылғы Тізілімде жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ: Жамбыл облысы – 1 ӘКС, Қызылорда облысы – 2 ӘКС, Түркістан облысы – 4 ӘКС. Алматы мен Шымкент қалаларынан, сондай-ақ Алматы мен Жетісу сияқты ірі облыстардан бүгінгі күні Тізілімге бірде-бір ӘКС енгізілмеген.

Тізілімді санат бойынша қарастыратын болсақ, Тізілімде ӘКС барлық төрт санаты көрсетілгенін атап өтуге болады, дегенмен әрбір санатқа енгізілген ӘКС санында қатты айырмашылық бар. Егер 2022 жылы ӘКС ең үлкен үлесі бірінші санатта (13 ӘКС немесе 52 %) болса, 2023 жылы – төртінші санатта (37 ӘКС немесе 39 %). Салыстырмалы қарайтын болсақ, 2022 жылы төртінші санаттағы ӘКС үлесі 16 %-ды құрады. Екі жылдағы ең аз ӘКС саны екінші санатта тіркелді – сәйкесінше 1 және 2 ӘКС (1-суретте көрсетілген).



Сурет 1 – Санаттар бойынша Тізілімге енгізілген ӘКС саны, бірлік

Тізілімге енгізілген ұйымдардың қызмет бағыттары да өте алуан түрлі. ӘКС ең көп саны білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында (47 ӘКС немесе 49 %) 2-сурет бойынша.



Сурет 2 – Қызмет бағыттары бойынша Тізілімге енгізілген ӘКС саны

2-суретке сәйкесәлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің 20-сы (21 %) сауда және қызмет көрсету саласында, 16-сы (17 %) өнеркәсіпте жұмыс істейді, басым бөлігі білім беру саласында тіркелген.

Кәсіпкерлік кодексте әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдаудың кең ауқымды шаралары көрсетілген [4].

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары:

- салық кодексіне сәйкес салық жеңілдіктерін беру;
- қаржылық қолдау;
- сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;
- үй-жайды жалдау ақысын төлеу;
- мемлекеттік мүлікті сатып алусыз жеңілдікті шарттармен жалға беру;
- ақпараттық, консультациялық және әдістемелік қамтамасыз ету;
- акселерация орталықтарын дамыту;
- аймақаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;
- мемлекеттік гранттар беру.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген «Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы» заңда әлеуметтік кәсіпкерлер үшін жеңілдіктер мен преференциялар қарастырылған. Осындай қолдау шараларын жүзеге асыру үшін мемлекет әлеуметтік кәсіпорындардың есебін жүргізеді. Тізілімге енген ұйымдар әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заң аясында мемлекет тарапынан берілетін преференцияларды пайдаланады.

Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау шаралары жеңілдетілген несиелендіруді де қамтиды. Әлеуметтік кәсіпкерлер инвестициялық мақсаттарға 1,5 млрд теңгеге дейін және айналым капиталын толықтыруға 500 млн теңгеге дейін жеті пайыздық мөлшерлеменен жеңілдетілген несиелендіруге өтініш бере алады. Бұл да мемлекеттік гранттардың бір түрі болып саналады. Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында бес миллион теңгеге дейін мемлекеттік гранттар беру кезінде әлеуметтік кәсіпкерлерге басымдық беріледі [5].

Қазақстанда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың кәсіпкерлік субъектілеріне тиімді әріптестік орнатуда қолдау көрсеткен мысалдар көп. Мәселен, өңірлерде облыстың немесе қаланың жетекші мемлекеттік қызметкерлері (әкімдер, әкімдердің орынбасарлары және т.б.) бастаған кәсіпкерлер делегацияларының еліміздің басқа облыстары мен қалаларында өтетін өңіралық ынтымақтастық форумдарына бару тәжірибесі бар.

Осы форумдар аясында облыстың бизнес өкілдері өз өнімдерінің көрмесін өткізіп, пайдалы келісімшарттарға қол қоюға мүмкіндік алды [6]. Тағы бір жақсы мысал, мемлекеттік немесе квазимемлекеттік ұйымдардың өкілдері үшін жеке өндірушілердің көрмелері өткізілетін форумдар.

Мысал ретінде Алматыда өткен «Мемлекеттік тапсырыс» көрмелерін келтіруге болады, оның аясында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының компаниялары үшін алматылық тауар өндірушілердің көрмелері өтті. Осы көрмелердің нәтижесінде «Самұрық-Қазына» қорының компаниялары мен Алматы қаласының өндірістік кәсіпорындары арасында миллиардтаған теңгеге келісім-шарттар жасалды [7].

Өнімдер мен қызметтерді ілгерілету бойынша осындай іс-шаралар әлеуметтік кәсіпкерлер үшін де жүргізілуі керек. Сонымен бірге, бұл үшін жауапкершілік кәсіпкерлер палаталарына емес, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүктелуі тиіс. Сонымен қатар, бұл мақсаттар үшін тиісті қаржыландыру қарастырылуы керек, өйткені әлеуметтік кәсіпорындардың көрмелерге және басқа да имидждік іс-шараларға қатысу шығындарын өз бетінше жабу үшін көп жағдайда табысы жеткіліксіз. Бұл шара әлеуметтік кәсіпкерлерді бюджет қаражаты есебінен тікелей қаржылық қолдаудың тиімді баламасы бола алатынын атап өткен жөн, өйткені бұл олардың өнімдері мен қызметтерін өткізу арналарын құруға көмектеседі.

Әлеуметтік кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдаудың тағы бір тиімді шарасы ақпараттық қолдау болуы мүмкін. Бұл шара, іскерлік байланыстарды орнатуға жәрдемдесу ретінде Кәсіпкерлік кодексте де, Үкіметтің тиісті қаулысында да қарастырылған.

Осылайша, «Мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық даму институттарының және өзге де ұйымдардың әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 795 қаулысында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық қолдау көрсетудің келесі түрлері ұсынылған:

- 1) жеке кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша оқу семинарларын, тренингтер мен ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру;
- 2) шетелдік тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру;
- 3) жеке кәсіпкерлік тәжірибесі, жаңа технологиялар нарығы туралы әдістемелік құралдарды, ақпараттық бюллетеньдерді тарату;
- 4) өңірлерде ақпараттық-консультациялық орталықтар желісін құру;
- 5) консультациялық, ақпараттық, заңгерлік, маркетингтік және өзге де қызметтерді көрсету;
- 6) озық шетелдік технологиялар трансфертін жеңілдету;
- 7) отандық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) экспортқа жылжыту кезінде сервистік және ақпараттық қолдау көрсету.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың келесі түрі әлеуметтік кәсіпкерлердің білімі мен біліктілігін арттыруға жәрдемдесу [8].

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 232-1-бабында кәсіптік және қосымша білім беруді ұйымдастыру сияқты әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары көзделген. Бұл ретте, «Мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің, ұлттық даму институттарының әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 795 қаулысымен және басқа да ұйымдар» деп түсіндіріледі жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қоры жеке кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша оқыту мен кеңес беруді, оның ішінде жеке кәсіпкерлікті қаржылық және мүлкітік қолдауды қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы органдар шағын және орта бизнес үшін мамандар мен кадрларды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін оқытудың арнайы бағдарламаларын құру олардың тиімділігі мен әлеуетін едәуір арттыра алады және олардың тұрақтылығына оң әсер етеді. Оқыту бағдарламалары екі бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс [9]:

1) бизнесті жүргізу, қаржыландыруды тарту, персоналды басқару, масштабтау және т. б. мәселелері бойынша әлеуметтік кәсіпорындардың құрылтайшылары мен басшыларына арналған бағдарламалар;

2) халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы әлеуметтік кәсіпорындардың қызметкерлеріне арналған оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары, өйткені бұл қызметкерлердің қажетті дағдылары мен білімі жиі болмайды.

Қорытынды

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау халықтың осал топтарын жұмыспен қамту мәселесін жанама түрде шешеді, сондай-ақ әлеуметтік-бағдарланған өндіріс пен қызмет көрсету саласы нарығының дамуын ынталандырады [10].

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Притворова, Т. П., Гелашвили., Н. Н., Жуманова, Б. К.** Социальное предпринимательство в Республике Казахстан: проблемы и перспективы развития [Текст] // Креативная экономика. – 2019. – Т. 13. – № 2. – С. 231–238.

2 **Притворова, Т. П., Петренко, Е. С., Аяганова, М. П.** Стратегический анализ бизнес-моделей социального предпринимательства в Казахстане [Текст] // Экономика Центральной Азии. – 2017. – Т. 1. – № 2. – С. 75–90.

3 **Притворова, Т. П., Петренко, Е. С., Аяганова, М. П.** Некоммерческий сектор как основа социального предпринимательства в Казахстане: потенциал и модели развития [Текст] // Российское предпринимательство. – 2018. – Т.19. – № 4. – С. 919–932.

4 Международный опыт реализации политики по развитию предпринимательства и малого и среднего бизнеса [Текст] [Электрондык ресурс]. – <https://opora.ru/upload/iblock/cf0/cf0be7375f4bd1290f86736fd0080d8a.pdf>. 14.04.2021.

5 **Исенова А. С.** Государственная политика и развитие предпринимательства Казахстана в условиях неопределенности [Текст] // Central Asian Economic Review. – 2022. – № 2 (143). – С. 83–94.

6 **Ayaganova M. P., Pritvorova T. P.** Methodological approaches to the design of business models of social entrepreneurship [Текст] // Modern scientific research: theory, methodology, practice. – 2019. – P. 65–69.

7 Казахстан 2020/2021: глобальный мониторинг предпринимательства: национ. докл. [Текст] // Высшая школа бизнеса Назарбаев Университет. – Нур-Султан, 2021. – 66 с.

8 **Бокаев, Б. Н., Исенова А. С.** Особенности государственной политики Республики Казахстан в сфере поддержки и развития малого и среднего предпринимательства в период неопределенности [Текст] // Вестник КазНУ. – 2022. – № 2 (140). – С. 14–26.

9 **Дауранов, И.** Малый бизнес Казахстана. – Алматы: Мир, 2020. – 168 с.

10 ҚР-ның Ұлттық статистика бюросы. Ұлттық шоттар статистикасы [Электрондык ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (қаралған күні 10.06.2023)

REFERENCES

1 **Pritvorova, T. P., Gelashvili, N. N., Zhumanova, B. K.** Sotsial'noe predprinimatel'stvo v Respublike Kazakhstan: problemy i perspektivy razvitiya [Social entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan: problems and development prospects] [Text] // Creative Economy. – 2019. – Т. 13. – No. 2. – P. 231–238.

2 **Pritvorova, T. P., Petrenko, E. S., Ayaganova, M. P.** Strategicheskii analiz biznes-modeley sotsial'nogo predprinimatel'stva v Kazakhstane [Strategic analysis of business models of social entrepreneurship in Kazakhstan] [Text] // Economy of Central Asia. – 2017. – Т.1. – No. 2. – P.75–90.

3 **Pritvorova, T. P., Petrenko, E. S., Ayaganova, M. P.** Nekommercheskiy sektor kak osnova sotsial'nogo predprinimatel'stva v Kazakhstane: potentsial i modeli razvitiya [Non-profit sector as the basis of social entrepreneurship in

Kazakhstan: potential and development models] [Text] // Russian Entrepreneurship. – 2018. – Volume 19. – No. 4. – P. 919–932.

4 Mezhdunarodnyĭ opyt realizatsii politiki po razvitiyu predprinimatel'stva i malogo i srednego biznesa [International experience in implementing policies for the development of entrepreneurship and small and medium-sized businesses] [Text] [Electronic resource]. – <https://opora.ru/upload/iblock/cf0/cf0be7375f4bd1290f86736fd0080d8a.pdf>. 04/14/2021.

5 Isenova, A. S. Gosudarstvennaya politika i razvitiye predprinimatel'stva Kazakhstana v usloviyakh neopredelennost [State policy and development of entrepreneurship in Kazakhstan in conditions of uncertainty] [Text] // Central Asian Economic Review. – 2022. – No. 2(143). – P. 83–94.

6 **Ayaganova, M. P., Pritvorova, T. P.** Methodological approaches to the design of business models of social entrepreneurship [Текст] // Modern scientific research: theory, methodology, practice. – 2019. – P. 65–69.

7 Kazakhstan 2020/2021: global'nyĭ monitoring predprinimatel'stva: natsion. dokl. [Kazakhstan 2020/2021: global monitoring of entrepreneurship: national. Report] [Text] / Graduate School of Business Nazarbayev University. – Nur-Sultan, 2021. – 66 p.

8 **Bokaev, B. N., Isenova, A. S.** Osobennosti gosudarstvennoy politiki Respubliki Kazakhstan v sfere podderzhki i razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stva v period neopredelennosti [Features of the state policy of the Republic of Kazakhstan in the field of support and development of small and medium-sized businesses in a period of uncertainty] [Text] // Bulletin of KazNU. – 2022. – No. 2 (140). – P. 14–26.

9 **Dauranov, I.** Malyy biznes Kazakhstana [Small business of Kazakhstan.] Almaty : Mir, 2020. – 168 p.

10 QR-nyñ Ulttyq statistika býrosy. Ulttyq shottar statistikasy [National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. National accounts statistics] [Electronic resource]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (qaralǵan kúni 10.06.2023)

29.11.23 ж. баспаға түсті.

02.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

05.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. К. Кенжетеева¹, Б. С. Бимбетова², Б. Б. Дүйсенбаева³,
Б. Ж. Болатова⁴, Г. Б. Танирбергенова⁵

¹Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

^{2,3,4,5}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,

Республика Казахстан, г. Актобе.

Поступило в редакцию 29.11.23.

Поступило с исправлениями 02.02.24.

Принято в печать 05.02.24.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА СОЦИАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Социальное предпринимательство относительно новый вид предпринимательской деятельности, который всего за 2 года успел зарекомендовать себя как предельно эффективный механизм решения насущных проблем общества.

Социальное предпринимательство – это форма предпринимательской деятельности, направленная на решение социальных проблем и улучшение качества жизни людей.

В последние годы это направление стало все более популярным, так как оно сочетает в себе коммерческий успех и социальную значимость.

В данной статье были рассмотрены основные аспекты социального предпринимательства, категории социальных предпринимателей, меры финансовой государственной поддержки, а также мероприятия по нефинансовой поддержке государством социального предпринимательства.

Поддержка социального предпринимательства позволит косвенно решить проблему трудоустройства уязвимых слоев населения, а также позволит простимулировать развитие рынка социально-ориентированного производства и сферы услуг.

В статье даются рекомендации для поддержки и дальнейшего развития социального предпринимательства в Казахстане в целях повышения его вклада в социально-экономическое развитие страны, а также эффективное решение социальных проблем общества.

Ключевые слова: субъекты социального предпринимательства, общество с ограниченной ответственностью, индивидуальный предприниматель, государственная поддержка

*G. Kenzhetayeva¹, B. Bimbetova², B. Duisenbayeva³, B. Bolatova⁴,
G. Tanirbergenova⁵

¹Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

^{2,3,4,5}Aktobe Regional University named after K. Zhubarov,

Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Received 29.11.23.

Received in revised form 02.02.24.

Accepted for publication 05.02.24.

STATE SUPPORT OF SOCIAL ENTREPRENEURSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Social entrepreneurship is a relatively new type of entrepreneurial activity, which in just 2 years has managed to establish itself as an extremely effective mechanism for solving urgent problems of society.

Social entrepreneurship is a form of entrepreneurial activity aimed at solving social problems and improving the quality of people's lives.

In recent years, this direction has become increasingly popular, as it combines commercial success and social significance.

In this article, the main aspects of social entrepreneurship, categories of social entrepreneurs, measures of financial state support, as well as measures for non-financial state support of social entrepreneurship were considered.

Support for social entrepreneurship will indirectly solve the problem of employment of vulnerable segments of the population, and will also stimulate the development of the market of socially-oriented production and services.

The article provides recommendations for the support and further development of social entrepreneurship in Kazakhstan in order to increase its contribution to the socio-economic development of the country, as well as the effective solution of social problems of society.

Keywords: subjects of social entrepreneurship, limited liability company, individual entrepreneur, state support.

Теруге 01.03.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4199

Сдано в набор 01.03.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4199

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz